

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 шілде N 844

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 25 қаңтарда Алматы қаласында жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары арасындағы ақпарат алмасу туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы Z990403_ және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарттың және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың Z010172_ ережелерін басшылыққа ала отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) әкелу мен әкетуге, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің мемлекеттік бюджеттеріне салықтардың, баждардың және өзге де төлемдердің уақтылы және толық түсуіне бақылауды күшейтуде өзара мүдделілікті ескере отырып, осы мақсатпен бір-біріне жәрдем көрсетуді қалай отырып, төмендегі туралы келісті:

Осы Келісімде "құзыретті органдар" терминімен ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің салық және кеден органдары ұғынылады.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің әрбірінің кеден және салық органдары өз құзыреті шеңберінде оларға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін қажетті ақпаратпен алмасады.

Тараптар мемлекеттерінің әрбірінің кеден органдары өз Тарабының салық органдарына қажетті ақпаратты береді.

Тараптардың салық органдары ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің құзыретті салық органдары арасындағы ынтымақтастық туралы қолданылып жүрген үкіметаралық келісімдердің шеңберінде кеден органдарынан алынған ақпаратты бір-біріне беруге құқығы бар.

Тараптар мемлекеттерінің әрбірінің салық органдары өз Тарабының кеден органдарына қажетті ақпаратты береді.

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ынтымақтастық туралы қолданылып жүрген келісімдердің шеңберінде салық органдарынан алынған ақпаратты бір-біріне беруге құқығы бар.

3-бап

Ақпарат алмасу тәртібі Тараптар мемлекеттерінің әрбірінің салық және кеден органдарының өзара әрекет ету шеңберінде келісіледі.

4-бап

Тараптардың құзыретті органдары ақпараттың құпиялылығын сақтайды және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес оны қорғау режимін қамтамасыз етеді.

Тараптардың құзыретті органдары алынатын ақпараттың үшінші тұлғаларға берілуіне жол бермейді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптардың құзыретті

органдары жекелеген мәселелер бойынша қосымша хаттамаларды жасауға құқылы.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара уағдаласуы бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін және Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктердің барлығы Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

8-бап

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап осы Келісімнен шығуға дейін кемінде 6 ай бұрын

депозитарийге осы туралы жазбаша хабарламаны жіберіп, шыға алады.

Түпнұсқа дана осы Келісімнің оның куәландырған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

2002 жылғы 25 қаңтарда Алматы қаласында орыс тілінде бір данада жасалды.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Икебаева А.Ж.

Омарбекова А.Т.